

7M08110 "Сәндік өсімдік шаруашылығындағы фитосанитарлық бақылау" білім беру бағдарламасын дамыту жоспары

**1. Бағдарламаның аналитикалық негіздемесі.** Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер. 7M08110 "Сәндік өсімдік шаруашылығындағы фитосанитарлық бақылау" ББ "Биология, өсімдіктерді қорғау және карантин" кафедрасының базасында серіктестермен-фитосанитариялық қызметпен және өсімдік өнімдерінің карантиндік қызметімен бірлесіп құрылды (Ғылыми кеңестің шешімі).

7M08110 "Сәндік өсімдік шаруашылығындағы фитосанитарлық бақылау" білім беру бағдарламасының мақсаты Оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы теориялық, практикалық, эксперименттік фитосанитария саласында жүйелі білімі, іскерлігі мен дағдылары бар еңбек нарығында сұранысқа ие сәндік өсімдік шаруашылығы өнімдерін фитосанитариялық бақылаудың жоғары білікті мамандарын даярлау болып табылады.

БП, БП циклдерінің мақсаттары пәндерді оқу арқылы жүзеге асырылады, нәтижесінде білім алушылар жалпы жүйелік, пәндік - арнайы құзыреттерге ие болады.

7M08110 "Сәндік өсімдік шаруашылығындағы фитосанитарлық бақылау" ББ бойынша магистранттарды даярлау мынадай мақсаттарды көздейді:

- урбофлораның фитосанитарлық жағдайын ғылыми басқару саласындағы әлемдік жетістіктерді және сәндік өсімдіктерді қорғаудағы заманауи мәселелерді білу;

- қауіпсіз сәндік өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру саласындағы білімге ие болу, заманауи ғылыми білімге ие болу сәндік өсімдіктермен тәжірибе жасау (фитосанитариядағы молекулалық - биологиялық әдістер);

- агротехнологияның әртүрлі деңгейлері үшін өсімдіктердің сәндік қасиеттерінің ұзақтығын бағдарламалау әдістерін меңгеру;

- көгалдандыру үшін сәндік өсімдіктерді пайдалану бойынша практикалық ұсыныстар жасай білу;

- аса қауіпті объектілердің жаппай көбеюін және таралуын болжай білу;

- әкелінетін және әкетілетін карантинге жатқызылған сәндік өнімге карантиндік тексеру, зертханалық сараптама және фитосанитариялық сертификаттау жүргізу.

**2. Даму жоспарының негізгі мақсаттары.**

"Сәндік өсімдік шаруашылығындағы фитосанитарлық бақылау" білім беру бағдарламасын дамыту жоспары фитосанитарлық қызметтің, жасыл құрылыс өндірістерінің, сәндік өсімдіктерді бақылау қызметтерінің сұранысы негізінде әзірленді.

"Сәндік өсімдік шаруашылығындағы фитосанитарлық бақылау" ББ негізгі мақсаты еңбек нарығындағы сұранысты ескере отырып, сәндік өсімдіктерді қорғау бойынша кәсіби, бейіндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ортасын құру болып табылады. Сәндік өсімдіктерді қорғау саласындағы практикалық мәселелерді шешуге қабілетті кәсіби құзыреттіліктің кең спектрі бар мамандарды даярлау; әртүрлі ауыл шаруашылығы ғылыми - зерттеу мекемелері мен ұйымдарында зерттеу және басқару қызметін жүзеге асыру, жоғары оқу орындарында, ауыл шаруашылығы бейініндегі орта техникалық оқу орындарында оқыту.

7M08110 "Сәндік өсімдік шаруашылығындағы фитосанитарлық бақылау" ББ осы бағыттағы түлекке қажетті негізгі құзыреттерді қалыптастырудың жаңа тәсілдерін және ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-технологиялық және өндірістік-басқару жұмыстарын орындау саласында мамандар даярлауды ұсынады. Білім беру бағдарламасы білім алушылардың және білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы мен білім беру сапасын арттыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

### 3. ББ негізгі міндеттері

1. Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес оқыту деңгейін қамтамасыз ету;
2. Жоғары оқу орындарында оқытуда пайдалану үшін жоғары мектеп бағдарламалары бойынша педагогика және психология негіздерін зерделеу.
3. Докторантурада оқуды жалғастыру үшін негіздерді қалыптастыру үшін ББ-ны ғылыми-зерттеу қызметіне бағыттау.

### 4. ББ дамыту жоспарының іс-шаралары.

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері
1	Жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, элективті пәндер каталогын жетілдіру	2023-2025
2	Сәндік өсімдік шаруашылығы фитосанитариясы саласындағы ғылымның жаңа жетістіктерін ескере отырып, әдебиеттердің қамтамасыз етілу картасын жаңарту.	жыл сайын
3	ББ бейіндік пәндері бойынша практик мамандардың жыл сайын дәріс оқуы.	жыл сайын
4	Сәндік өсімдіктер және оларды қорғаумен айналысатын ғылыми орталықтармен зерттеу практикасын өту бойынша шарттар мен меморандумдар жасасу	2023-2025ж.
5	Сәндік өсімдіктердегі зиянды организмдерді анықтау бойынша білім алушыларды қосымша оқыту үшін молекулалық биология бойынша ғылыми зертхана құру.	2025 ж.
6	Магистранттардың БМҚ және МФ жобаларды, шаруашылық келісімшарттық жұмыстарды орындауға қатысуы	жыл сайын
7	Магистранттардың әртүрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларға және жас ғалымдарға арналған ғылыми жобаларға қатысуы.	жыл сайын

- фитосанитарлық қауіпсіздік және сәндік өсімдіктердің мониторингі бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын игеру және докторантурада осы бағыт бойынша ғылыми жұмысты жалғастыру үшін практикалық тәжірибе алу

Агрономия факультетінің деканы

Биология, өсімдіктерді қорғау және карантин кафедрасының меңгерушісі



Г.Ж. Стыбаев

А.К. Сибатаев

